«8D02206-Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Оралова Акнур Амангелдыевнаның
«Батыр Қожаберген Жәнібекұлының өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі (1689–1785 жж.)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Оралова Акнур Амангелдыевнаның «Батыр Қожаберген Жәнібекұлының өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі (1689–1785 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына негізделген. Атап айтар болсақ, зерттеу жұмысы ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында (2021 жылғы 5 қаңтар) «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс» деген тұжырымына сәйкес келеді. «Жаңа Қазақстанды» құрудағы еліміздің геосаяси жағдайы мен

			әскери әлеуетін күшейтудегі батырлардың рөлі тұрғысынан алғанда диссертация жастарға тарихи сананы қалыптастыру концепциясына бағытталған.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	1) Диссертациялық жұмыс автордың жеке бастамасымен орындалған, мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жоба немесе мақсатты бағдарламаларға қатысы жоқ. Диссертациялық жұмыс мемлекет бюджетінен» қаржыландырылатын немесе нысаналы бағдарлама аясында орындалған жоқ.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	2) Диссертация Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды дамыту» бағытына сәйкес орындалды.

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	3) Докторант А.А. Оралованың диссертациясы Қазақстан Республикасы үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия 2024-2026 жылдарға арналған ғылым дамуының «Елдің интеллектуалдық әлеуеті (адам ресурстары мен білім) ғылыми кадрлар даярлау, жоғары білім мен ғылыми инфрақұрылымды дамыту» бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Тақырыптың ғылыми маңызы айқындалған, автор зерттеудің кіріспе бөліміндегі деректік қорын жүйелеп, талдап көрсеткен. Жұмыста деректердің кең шеңбері қамтылған (қытай, орыс, қазақ, моңғол зерттеушілері), олардың арасындағы қайшылықтар мен салыстырмалы талдау толық ашылған. Мысалы, қытай және орыс деректеріндегі батырдың рөліне баға берілген. Ұсыныс ретінде: дереккөздерді сыни тұрғыдан салыстырып, идеологиялық немесе мәдени көзқарас айырмашылығы ашылған. 2.1 Қосады, ашылған

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертант Оралова Акнур Амангелдыевна диссертациялық жұмысының өзі жазу деңгейі өте жоғары. Зерттеуде диссертант Омбы, Орынбор және Ресейдің сыртқы саясат және көне актілер архивтерінің, сондай-ақ Қытайдың тарихи архивінің материалдарына сүйенеді. Автор Қожаберген батырдың Ресей империясымен дипломатиялық байланыстарға қатысқан беделді тұлға екенін дәлелдейді. 3.1 Жоғары
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация құрылымы жағынан жүйелі, логикалық бірізділік сақталған, ішкі бірлік принципі басшылыққа алынған. Автор кіріспеде тақырыптың өзектілігін, зерттеу мақсаты мен міндеттерін нақты айқындап, негізгі бөлімде Қожаберген батырдың өмірі, шығу тегі, әскери жорықтары мен дипломатиялық қызметін кезең-кезеңімен талдаған. Ғылыми айналымға жаңадан енгізілген архив материалдар пайдаланылған. Автор тарихи-салыстырмалы, деректанулық және жүйелік талдау әдістерін шебер қолдана отырып, бұрынғы еңбектердегі олқылықтарды толықтырған.

			4.1 Негізделген
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыс мазмұны, құрылымы және деректік негізі тақырыпты толық ашады. Зерттеу жұмысы белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан және сегіз бөлімнен тұрады. Сонымен қатар зерттеу жұмысында қорытынды бөлім, пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі және қосымшалар қамтылады. 4.2 Айқындайды
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбында қойылған негізгі мәселелерді шешуге сәйкес келеді. Диссертацияның тараулары мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық байланысты сақтай отырып, тақырыптың мақсаты мен міндеттерін ашады. 4.3 Сәйкес келеді
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Зерттеудің барлық бөлімдері мен құрылымы толық байланысқан. Тараулар мен тармақшалардың қорытындылары үйлеседі. Қожаберген Жәнібекұлының өмірі мен қызметіне арналған бұл зерттеу тақырыбы – қазақ тарихының аса

			маңызды кезеңін қамтитын өзекті ғылыми мәселе. Батыр Қожаберген – XVIII ғасырда қазақ халқының тәуелсіздігі мен ел бірлігін қорғауда, сондай-ақ қазақ-қытай, қазақ-жоңғар қатынастарында дипломатиялық рөл атқарған көрнекті тұлға. Кеңестік дәуірде ұлт батырларының есімі мен қызметі жеткілікті деңгейде зерттелмегені белгілі. Тәуелсіздік жылдарынан бастап тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында Қожаберген батыр тұлғасын жан-жақты қарастыру қажеттілігі айқын байқалды. Сондықтан автордың бұл тақырыпты таңдауы – уақыт талабына сай және тарихи маңызы жоғары. 4.4 Толық байланысқан
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Зерттеуші ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдерге сәйкес салыстырмалы зерттеулермен жалғасын тапқан. Зерттеушінің өз тарапынан жасаған ғылыми көзқарастары жеке дара көрсетіледі. Осыған дейін ғалымдар тарапынан ұсынылған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сыни-талдауларынан өтіп отырады. Өзіндік тың пайымдаулар мен
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			ғылыми тұжырымдар да бар. Диссертант зерттеу жұмыста ұсынған жаңа шешімдер бұрыннан белгілі шешімдермен бірге қарастырып сыни талдау жасаған. Жұмыста автор отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін кеңінен талдап, зерттелу деңгейін жан-жақты көрсеткен. Қазақ зерттеушілерінен Б. Еженхан, Е. Бекмаханов, С. Асфендияров, Р. Сүлейменов, М. Тынышпаев, К. Ш. Хафизова сынды ғалымдардың еңбектеріне сүйенсе, Ресей зерттеушілерінен П. Рычков, П. Паллас, И. Георгий, А. Левшин еңбектері салыстырмалы түрде қарастырылған. Автор әсіресе Б. Еженханның Қытайдың Бірінші тарихи архивіндегі құжаттар негізінде жасаған зерттеулеріне ерекше мән беріп, сол арқылы батырдың өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметін нақты деректермен дәйектейді. Сондай-ақ Моңғолия, Ресей, Түркия ғалымдарының еңбектеріне салыстырмалы талдау жүргізген.

			4.5 Сыни талдау бар
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Жұмыстың ғылыми жаңалығы - Қожаберген Жәнібекұлының бейнесін тек әскери қолбасшы ретінде емес, сонымен қатар ел бірлігін сақтаудағы, сыртқы саясаттағы мәмілегерлік қабілетімен танылған тұлға ретінде сипаттауында. Бұл бағыттағы тұжырымдар қазіргі тарих ғылымына тың деректер мен жаңа көзқарастар ұсынады. Ізденуші дискурсивтік тәсілді қолдана отырып, тұлғаның нақты өмірінен оның бейнесінің түрлі тарихи кезеңдеріне баға берген. 5.1 Толығымен жаңа
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әр қорытынды жеткілікті түрде жасалған. Диссертациялық жұмысты Қожаберген батырдың өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметін зерттеуге арналған алғашқы ғылыми жұмыс ретінде толыққанды бағалауға болады. Қожаберген бейнесі халықтың рухани жадындағы қаһармандық идеалдың көрінісі ретіндегі тұжырымдамалар ұсынылады. Ізденуші батырдың ел
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			жадында сақталған бейнесіне, оның фольклорлық және әдеби нұсқаларына назар аударады. Батыр тұлғасы рухани және тарихи контексте ашылған. 5.2 Толығымен жаңа
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыс «8D02206-Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық, технологиялық, басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді. 5.3 Толығымен жаңа
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін)	Диссертациялық зерттеудің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәлелденген және сенімді деректерге негізделген. Зерттеу нәтижелері ғылыми ортаға таныстырылып, отандық және шетелдік, халықаралық басылымдарда жарияланды. 6 Негізделген

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **иә;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1 Қорғауға шығарылған негігі қағидаттары толығымен дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес. Автор қағидаттары ерекше тәсілмен, жан-жақты қарастырылған. 7.3. Қағидаттар: жаңа. Тарихи зерттеулерде осыған дейін осы диссертацияда талданған мәселелер арнайы зерттеу нысаны ретінде алынған емес. Сол себепті нәтижелері де тың жаңалығымен үйлеседі. 7.4. Қолдану деңгейі: кең 7.5. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер мақалада дәлелденген. Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 13 мақала негізінде жарияланған. Диссертацияның негізгі мәселелері ғылыми журналдар мен халықаралық конференциялар материалдарында жарық көрген.

8.	Дәйектілік қағидаты	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ізденістері басшылыққа алынған. 1. Иә
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **иә;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелерінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғандығы байқалды. Докторант ауызша тарих материалдарын жинақтаудағы сауалнама жүргізу барысында компьютерлік технологияның көмегіне жүгінген. 1. Иә
		1) **иә;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыста теориялық тұжырымдар, өзара байланыстар мен заңдылықтар нақты деректер арқылы дәлелденген және расталған. Теориялық қорытындылар, тұжырымдар нақты архив материалдары мен ғылыми әдебиеттерге арқылы дәлелденген және расталған.
		1) **иә;**	
		2) жоқ.	

			8.3 Иә
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық-методолгиялық негізі дұрыс құрылған. Зерттеу жұмысында көрсетілген құнды мәліметтер сенімді және нақты. Маңызды ғылыми деректер ғылыми әдебиеттерге сілтеме келтіру арқылы дәлелденген. Тақырып аясындағы архив материалдары мен зерттеушілердің еңбектеріне нақтылы талдаулар жүргізілген. 1. Расталған
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер мен ғылыми дереккөзер жеткілікті қолданыс табады. Библиографияда журналистика бағытындағы шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық және арнайы сипаттағы әдебиеттерден тұратын 100-ден аса дереккөзі бар. Бұл көрсеткішті диссертанттың зерттеу жұмысын толық орындап шығуына толық

			жеткілікті деп есептеуге болады. 8.5 Жеткілікті
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы айтарлықтай жоғары. Зерттеуде қол жеткізген ғылыми жаңалықтар мен нәтижелер отандық тарих ғылымының дамуына өз үлесін қосады. Зерттеу барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдар мен қағидаттар келешекте жүргізілетін басқа да ғылыми ізденіс жұмыстарында қолданылуға қажеттілігі басым. 9.1 Бар
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Жұмыстың практикалық маңызы – зерттеу нәтижелерін Қазақстан тарихы, деректану және халықаралық қатынастар тарихы пәндерінде оқу құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік бар. 9.2 Иә
		1) **иә;**	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар мазмұны жағынан жаңашылдыққа бағытталған. Қожаберген
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Жәнібекұлының тұлғасын тек батыр немесе халық қорғаушысы ретінде емес, кәсіби дипломат, мәмілегер, мемлекет қайраткері ретінде кешенді түрде қарастырғаны. Автор XVIII ғасырдың орта тұсындағы қазақ-цин қарым-қатынастарының нақты оқиғаларына сүйене отырып, батырдың елшілік миссияларына қатысуы, шекаралық аймақтарды қорғаудағы рөлі мен бейбіт келіссөздердегі үлесін алғаш рет жүйелі түрде сипаттайды. 9.3 Толығымен жаңа
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары, ғылыми стиль сақталған. Жазу деңгейінің жоғарылығы және өз тарапынан баяндау ғылыми стилі анық байқалады. Зерттеуде қолданыс тапқан деректер мен әдебиеттерге сілтемелер барлық талаптарға толықтай жауап береді, диссертацияның мазмұны мен құрылымы PhD дәрежесін алу үшін қажетті рәсімдеу стандарттарына толық сәйкес келеді. 10 Жоғары
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескерту жоқ.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		А.А. Оралованың ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес және жоғары ғылыми деңгейде орындалған. Докторант мақалалары Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастыру, тарихи жадыны жаңғырту және тұлғатану бағытындағы зерттеулермен тікелей байланысты. Ізденушінің ғылыми жарияланымдары тарихи дереккөздерге сүйене отырып, Қожаберген батырдың мемлекетшілдік, ел қорғау және дипломатиялық қызметтегі рөлін жан-жақты ашып көрсеткен. А.Оралова батырдың тұлғасын тек әскери қырынан ғана емес, қазақ қоғамындағы рухани құндылықтармен, салт-дәстүр және елдік сана ұғымдарымен байланысты талдайды. Зерттеу мақалалары тақырыптың мазмұнын толық ашады және ғылыми тұрғыда құнды жарияланымдар екені анық.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертант А.А Оралованың «Батыр Қожаберген Жәнібекұлының өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі (1689–1785 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық еңбегін талапқа сай толық аяқталған сапалы зерттеу жұмыс ретінде бағалай отырып, ізденушіге осы еңбегі үшін «8D02206-Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор **О.И. Исенов**

ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
КОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КОСТАНАЙСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ»
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІ
ОТДЕЛ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ

Подпись Исенова О.И.
заверяю
(подпись)
09.11
(должность, ФИО)